

Вместе с ними раскрываются методики, а также инструменты, при помощи которых будет производиться диагностика и мониторинг степени успешности, и полноту овладения, а также готовности применения умений на последующих этапах познавательной деятельности обучающихся.

Литература:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III. «Казахстанская правда» от 15 августа 2007 года N 127 (25372) Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2007 г., N 20 (2501).
2. Постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении национального проекта «Качественное образование «Образованная нация»» от 12 октября 2021 года № 726 [Электрон. ресурс]. – 2023 – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000726>
3. Государственный общеобязательный стандарт начального образования, утвержденный Приказом Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года № 348. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 5 августа 2023 года № 29031 [Электрон. ресурс]. – 2023 – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031#z1165>
4. Типовые учебные программы по общеобразовательным предметам, утвержденные приказом министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении типовых учебных программ по общеобразовательным предметам, курсам по выбору и факультативам для общеобразовательных организаций» от 3 апреля 2013 года № 115. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 10 апреля 2013 года № 8424. Газета «Казахстанская правда» от 12.06.2013 года № 198-199 (27472-27473).
5. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан «Об утверждении перечня учебников, учебно-методических комплексов, пособий и другой дополнительной литературы, в том числе на электронных носителях» от 22 мая 2020 года № 216 (дата обращения: 11.02.2022)
6. Хан Н.Н. Теоретические основы сотрудничества в педагогическом процессе общеобразовательной школы: дис. ...док. пед. наук: 13.00.08. - Алматы, 1998.
7. Намазбаева Ж.И. Психология. - Алматы: Print-S, 2005. - 29 б.
8. Караев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологий обучения: дис. ..(к. пед. наук: 13.08.00. - Алматы, 1995. - 314 с.
9. Жиенбаева Н.Б. Развитие активности личности современного младшего школьника в процессе формирования общения: дис.- Алматы, 2008. - 314 с.
10. Проектная деятельность школьников: пособие для учителя / К. Н. Поливанова. – М.: Просвещение, 2018.

Тулужанова К.А.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫН ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Аннотация. Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған ресми құжаттарында жоғарғы білім беруде мамандар даярлау сапасын арттыруға әрдайым мән берілуде. Бұл үшін болашақ мұғалімдердің шығармашылықты педагогикалық іс-әрекетін ұйымдастыруда қазіргі ақпараттық технологияларды меңгерудің маңызы зор.

Кілт сөздер: болашақ мұғалімдер, ақпараттық технология.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу» басты мақсат ретінде өйылған болатын [1]. Осыған орай жоғары білім берудің мақсаты жаңа технологияны оқып-үйренген, шығармашылық ойлауын дамыту, кәсіби білімін, шеберлігін жетілдіруде үнемі ізденіс үстіндегі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына мамандардың үлесін арттыру.

Үздіксіз білім беру реформалары аясында мұғалімдердің да, болашақ мұғалімдердің де дүниетанымының құрылымы өзгеруде. Қазіргі кезеңде білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарастың жаңаша қарым-қатынастың, жаңаша ойлаудың өрістуіне байланысты болашақ педагог

мамандардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Педагогикалық, психологиялық, философиялық және ғылыми зерттеулерді талдау нәтижесінде зерттеліп отырған тақырып бойынша бірқатар ғылыми жұмыстардың бар екендігіне қарамастан, жоғарыда келтірілген мағлұматтар болашақ педагог мамандарды заманауи ақпараттық құралдар көмегімен дамыту жеткілікті түрде қарастырылмағанын аңғартады.

Цифрландыру білім беру процесінің мазмұнына ғана емес, оны ұйымдастыруға да әсер етеді. Оқытушының мәртебесі мен рөлі қоғамда да, жоғары білім беру Бұл тұрғыда жоғары оқу орындарының оқытушылары тек білім тасымалдаушыларына, оқытушыларға ғана емес, сонымен қатар офлайн және онлайн ортада ұсынылған ақпараттың барлық жиынтығын шарлауға көмектесетін навигаторларға, сарапшыларға айналады. Тиісінше, университет оқытушысы цифрлық сауаттылыққа ие болуымен қатар цифрлық технологиялардың көмегімен контекст құруға және қолдануға қабілетті болуы тиіс.

Педагогикалық құбылыстарды цифрландырудың қазіргі тенденцияларын зерттеу нәтижелері И.А. Донина, Н.Ю. Марчук, Т.В. Никулина, А.В. Бобылев және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған [2;3;4;5].

Ю.Р.Хайруллина мен И.Ф.Фахритдинов өз зерттеулерінде жоғары білім беру жүйесіне ақпараттық ортаны енгізу мен пайдаланудың негізгі артықшылықтарын М.Ю.Ефлова, О.А.Максимова және К.А.Озерова мамандарды сандық ортаға ендіру у механизмін зерттеуген [6;7].

Болашақ педагог маман тұлғасын дамыту проблемасын зерттеудің міндеттерін іске асыру да университет оқытушысының мәртебесі мен рөлін өзгертуге арналған жұмыстарға жүгінуді талап етеді. Т.Л.Маркова болды, ол эмпирикалық мәліметтер негізінде жоғары білім беру институты оқытушыларының кәсіби қызметін зерттесе, С.М.Климова университеттердің профессорлық-оқытушылық құрамының екі буынының құндылықтары арасындағы түбегейлі айырмашылықтарды қарастырады, А.А.Вербицкий университет оқытушысының құзыреттілігіне байланысты мәселелерді анықтайды. Г.Г.Джавадян университет қызметкерінің жеке басына қойылатын жаңа талаптарына талдау жасайды [8;9;10;11].

Білім беруді ақпараттандыру, компьютерлік техниканы оқу процесінде пайдалану, оны қолдану Г.К.Нуогалиеваның, Ж.И.Сардарованың, Қ.А.Сарбасованың және т.б. авторлардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған [12;13;14].

Ал, қазіргі таңда жоғарыдағы аталған мәселе қалай жүзеге асырылып жатыр деген сауалға келсек осы бағыттағы мәселелер әлі де жеткілікті деңгейде емес. Сондықтан ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды.

Білім беруді ақпараттандыру процесі пән мұғалімдеріне, әдіскерлерге жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне жан-жақты пайдалану саласына үлкен талап қояды.

Білім беруді ақпараттандыру – бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияның құралдарын білім беру саласына қолданудың методологиялық және тәжірибелік құндылықтарын зерттеп, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарына бағыттап қамтамасыз ету процесі. Бұл процесс мына бағыттар бойынша жетілдіріледі:

- білім беру жүйесінің басқару механизміндегі ғылыми-педагогикалық ақпараттар мен ақпараттық-әдістемелік материалдарды автоматтандыру арқылы оның қолданылу аясын жетілдіру және басқару ісіне коммуникациялық желілерді қолдану;

- ақпараттық қоғам жағдайында жеке тұлғаның даму бағыттарының міндеттерін негізге ала отырып, оқытудың мазмұнын, әдістері мен оны ұйымдастыру формаларын таңдау мен оның методологиясын жетілдіру;

- үйренушінің интеллектуальдық қабілетін дамытуға, өздігінен білім алуға, түрлі ақпараттарды өздігінен өңдеу сияқты әрекеттерге бағытталған оқытудың әдістемелік жүйесін ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы құру;

- үйренушінің білім деңгейін бағалау мен бақылау әдістерін талдау бағытында компьютерлік тестілеуді құру мен оны қолдану.

Білім беруді ақпараттандыру процесі жағдайында жеке тұлғаның интеллектуальдық, қоғамдық, экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық сияқты іс-әрекеттерін түрлі салаларға қолдану арқылы құзырлықтарын қалыптастыру негізгі талаптардың біріне айналады.

Тәжірибе жүзінде дәлелденгеніндей, кез келген мұғалімге өз қызметтеріне компьютерді пайдалануы олардың әлемдік ақпараттық кеңістікке енуде ақпараттық мәдениетінің қалыптасатынымен өлшенеді. Сонымен бірге, бұл жағдайда, инновациялық әдістер мен құралдарды

оқу процесіне пайдалану оқушылардың мектеп пәндерін игеруде қызығушылықтарын арттыруда. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие процесіне пайдалану оның келесі педагогикалық мүмкіндіктерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді: болашақ мұғалімдердің дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалды меңгертуге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне жаңа ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін пайдалану; проблемалық, зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру; жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедиа-технология) пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Білім беру мекемелерінің қызметкерлерінің жаңа ақпараттық технологияны меңгерту саласы бойынша біліктілігін көтерудің даярлау міндеттерін шешуде осы сала бағытында өткізілетін курстарды сабақтастыру процесі жүзеге асырылуда.

Болашақ педагог мамандарды ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде дайындауда келесі қағидалар негізге алынған: вариативтілік - әрбір білім беру қызметкерлерінің жасақтаған материалдарына сәйкес біліктілікті көтеру жүйесін бағыттады; болашаққа негізделген - күтілетін нәтижені анықтайтын кезеңдік бағдарламалардың бағытын орнықтырады және жеке тұлғаға бағытталған курстың жалпылама мақсатын анықтайды; рефлексивті-креативті - жаңа ақпараттық технологияларды меңгерту білімдерін ұйымдастыруда курстың бағыты даралық-шығармашылық негізге бағытталуы қажет; эргономикалық - нақтылы мәселелерді үйренуге қажетті уақыт мөлшері талап етіледі; ізгіліктілік - бейімделген оқыту жүйесін құруды талап етеді, біліктілікті көтеру жүйесінің құрылымы мен нақтылы нәтижесін анықтау; тәжірибеге бағытталған - оқыту көздерінің бірі ретінде мұғалімдердің тәжірибесі қолдану идеясы жүзеге асырылады және нақтылы іс-әрекеттер бойынша тыңдаушылардың танымдық процестерінің өзара байланыстылығы мен олардың жеке тұлға ретінде қалыптасу деңгейі анықталады; жекелеген консультация беру - тыңдаушыларға консультация беру ұсынылады. Ол мына бағытта жүргізіледі: әрбір тыңдаушының өзіндік ерекшелігін ескере отырып қойылған нәтижелерге жетуге байланысты игерілетін мәселелердің мазмұны мен оған қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.

Ұсынылған психологиялық-педагогикалық шарттар жүйесін жүзеге асырудың нәтижесін тексеру мақсатында арнайы өлшемдер жүйесі құрастырылды.

Критерийлер мен көрсеткіштер үш компонент бойынша (мотивациялық, танымдық және процессуалдық) жіктелді.

Төмен деңгей болашақ мұғалімдер кәсіби іс-әрекетінің немқұрайды, өз қызметінің сапасын қамтамасыз ету үшін жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың әдіс-тәсілдерін меңгермеген. Компьютерді пайдалануды қажет деп санамайды.

Орта деңгей болашақ мұғалімдер кәсіби іс-әрекетінің мәнін түсінеді, өз қызметінің сапасын қамтамасыз ету үшін жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың әдіс-тәсілдерін толық меңгермеген. Компьютерді пайдаланады.

Жоғары деңгей болашақ мұғалімдер кәсіби іс-әрекетінің мәнін түсінеді, өз қызметінің сапасын қамтамасыз ету үшін жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың әдіс-тәсілдерін меңгерген. Компьютерді белсенділікпен пайдаланады.

Алдымызға қойылған міндеттерді толығымен тексеру, шешу және ғылыми болжамның дұрыстығын тексеру мақсатында ғылыми аппаратта келтірілген мамандықтар бойынша эксперименттік жұмыс жүргізілді.

Эксперименттің міндеті: оқу процесінде ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың педагогикалық шарттар жүйесінің тиімділігін тексеру.

Эксперимент үш қисында өткізілді, эксперименттің дәлелділігін жоғарлату мақсатында бақылау және эксперимент топтары ажыратылды.

Экспериментке қатысушы болашақ мұғалімдердің жалпы саны келесі формула бойынша дәл анықталды:

$$n = \frac{t^2 \cdot W \cdot (1 - W) \cdot N}{N \cdot \Delta^2 + t^2 \cdot W \cdot (1 - W)} \quad n = \frac{4 \cdot 0.25 \cdot 8499}{8499 \cdot 0.0025 + 4 \cdot 0.25} = 382$$

Мұндағы: t – зерттеуші қасиеттің таңдалып алынған мөлшердегі сол немесе басқа мүмкін жалпы санының жуықтап алғандағы саны 5% тең. n санды мәнін анықтаудағы таңдалып алынатын мөлшер жөніндегі мағлұматтар болмаған жағдайда $W \cdot (1 - W)$ максималды мәні қабылданады, ол

0,025-ке тең ($W=0,5$ және $(1-W) = 0,5$ кезінде). Біздің зерттеуімізде $N=8499$ -ға тең, ол статистикалық берінділер бойынша алынды.

Сонымен, экспериментке (пәннің жүргізілуіне байланысты) (82 адам – 42 - бақылау және 40 - эксперимент) студент қатысты. Оқыту Pentium IV дербес компьютермен қамтамасыз етілген компьютер сыныптарында өткізілді (1-кесте).

1-кесте. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің білім, білік және дағдыларының алыптасқандығының нәтижесі (айқындаушы эксперимент) (%)

Компоненттер	Экспер. тобы			Бақылау тобы		
	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.
Мотивациялық компонент	33,8	41,6	24,6	36,1	40,4	23,5
Танымдық компонент	42,8	39,8	17,4	44,5	38,9	16,6
Процессуалдық компонент	83,3	16,4	0,3	84,2	15,7	0,1
Орташа көрсеткіш	53,3	32,6	14,1	54,93	31,67	13,4

Бұл мәліметтер бойынша ақпараттық технологиялар арқылы оқыту жағдай бүгінгі заман талабына сай емес, сонымен қатар құжаттармен жұмыс істеу дағдыларының төмен екендігі анықталды.

Айқындаушы эксперименттің нәтижелері қалыптастырушы эксперимент кезеңін жоспарлауға және өткізуге негіз болды.

Бұл кезең біздің ұсынып отырған ақпараттық технологиялар арқылы студенттерді оқытудың педагогикалық шарттар жүйесін тәжірибеден өткізіп, тексеруге бағытталған.

Қалыптастырушы эксперимент барысында екінші кескін өткізіліп, оның нәтижелері бірінші және үшінші (қорытынды) кескіннің көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде талданды.

Қорытынды эксперименттің нәтижелері эксперимент тобындағы оқушылардың ақпараттық технологиялар арқылы білім, білік және дағдыларының қалыптасқандығын көрсетті (2-кесте).

2-кесте. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің білім, білік және дағдыларының қалыптасқандығының нәтижесі (бақылау эксперимент)

Компоненттер	Эксперименталды топ						Бақылау тобы					
	1 кескін			3 кескін			1 кескін			3 кескін		
	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.	төм.	орт.	жоғ.
Мотивациялық	33,8	41,6	24,6	5,6	57,7	36,7	36,1	40,4	23,5	25,4	47,9	26,7
Танымдық	42,8	39,8	17,4	5,1	63,7	31,2	44,5	38,9	16,6	33,5	46,7	19,8
Процессуалдық	83,3	16,4	0,3	37,6	46,8	15,6	84,2	15,7	0,1	79,7	19,9	0,4
Орташа көрсеткіш	53,3	32,6	14,1	16,1	56,1	27,8	54,9	31,7	13,4	46,2	38,2	15,6

Кестеде жалпы үш компонент бойынша бастапқы және соңғы нәтижелер келтірілген, эксперименталды топтағы нәтиже 18,6%, ал бақылау тобындағылар 4,35%, яғни эксперименталды топтың нәтижелері бақылау тобына қарағанда 14,25% жоғары екені анықталды.

Сонымен, эксперименталды топтағы қорытынды (үшінші) «қисын» болашақ мұғалімдердің жартысындай бөлігінде (46,8%) орташа деңгейге дейін бізге қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға болатынын көрсетіп отыр, себебі бақылау тобында бұл деңгейді болашақ мұғалімдердің (19,9%) тек төрттен бір бөлігі ғана көрсетті (3-кесте).

3-кесте. Болашақ мұғалімдердің білім, білік және дағды деңгейлерінің өзгеруі (%)

Деңгейлер	Эксперименталды топ	Бақылау тобы
Төмен	37,6	79,7
Орташа	46,8	19,9
Жоғары	15,6	0,4

Ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың педагогикалық шарттар жүйесі болашақ мұғалімдердің оқу-практикалық және ақпараттық технологияларды пайдалану іс-әрекеттерін белсендендіруге мүмкіндік берді; студенттерді оқытуды жетілдіруге ынтасын тудырды; оқытуды

жетілдіруге қажетті білім, білік және дағдыларды игеруге қызығушылықтарын арттырды; оқытудың қоғамдық мәнін саналы түрде сезінуге мүмкіндік берді; ақпараттық технологиялар арқылы оқышылардың оқытудың маңыздылығын дәлелдеді.

Сонымен, тәжірибелі-педагогикалық жұмыстың нәтижелері біздің ұсынып отырған ақпараттық технологиялар арқылы студенттерді оқытудың педагогикалық шарттар жүйесінің тиімді екенін көрсетті.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>

2. Дони́на, О.И. Теоретическое обоснование проблемы организации самостоятельной работы студентов как важнейшего компонента обучения и воспитания в вузе / О. И. Дони́на, В. В. Долгин. - Текст: непосредственный // Поволжский педагогический поиск. - 2016 - № 4 (18) - С. 49-53. - Библиогр. с. 53 (6 назв.). - ISSN 2307-1052.3.

3. Марчук, Н.Ю. Профессиональное становление и развитие личности: профессионально-личностная направленность: монография / Н. Ю. Марчук. -Москва: ФЛИНТА, 2016. - 259 с. - ISBN 978-5-9765-2565-8. - Текст: непосредственный.

4. Никулина, Т.В. Информатизация и цифровизация образования: понятия, технологии, управление / Т.В.Никулина, Е. Б. Стариченко. - Текст непосредственный // Педагогическое образование в России. - 2018. - № 8. - С. 107-113. - Библиогр.: с. 112 (15 назв.). - ISSN 20

5. Бобылев А. В. Развитие учебной самоорганизации курсантов военного вуза в условиях цифровизации образования кандидат наук2021.-.00.01

6. Хайруллина Ю.Р., Фахритдинов И.Ф. Информационная среда высшей школы: принципы научного менеджмента, успешные практики (опыт КФУ) // Социология в изменяющемся научно-образовательном пространстве современного общества. Материалы международной научно-практической конференции VII дьяльновские чтения. Саратов, 2020. С. 265-268.

7. Ефлова М.Ю., Максимова О.А., Озерова К.А. Гражданский цифровой активизм и социальная эксклюзия в условиях вынужденного погружения в цифровую среду // Вестник экономики, права и социологии. 2021. № 1. С. 124-128.

8. Маркова Т.Л. Профессиональная деятельность преподавателей высшей школы России и США: сравнительный анализ: дис. ... канд. соц. наук. Екатеринбург, 2012. 181 с.

9. Климова С.М. Реформа высшего образования: «свой» и «чужие» // Вестник Российской академии наук. -2015. Т. 85. № 1. С. 57-61.

10. Вербицкий А.А. Парадоксы реформирования образования // Вестник Воронежского государственного технического университета. 2012. Т. 8. № 10.2. С. 4-7.

11. Джавадян Г.Г. Трансформация роли преподавателя «инновационного вуза» // Альманах современной науки и образования, № 8 (51). 2011. С.112-114.

11. Джанбубекова М.Х Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері: пед. Ғыл. Докт. Дисс.-Алматы, 2010.-287 б.7

12. Сарбасова К.А. Совершенствование подготовки учителя начальных классов на основе инновационных педагогических технологий: канд.пед. наукдисс. -Караганда, 2010.- 155 с.

13. Сардарова Ж.И. Білім беруді жанарту жағдайындабастауыш мектепті ақпараттандырудың теориясы мен практикасы: пед. Ғыл. Док. ...дисс.- Алматы, 2008.- 207 б.

14. Нурғалиева Г.К. Педагогические технологии информатизации образования.-Алматы: Алем.2002.-269 с.

Тусенова К.С.

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова

ФОРМИРОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В КАЗАХСКОЙ ШКОЛЕ

Аннотация. В статье рассматриваются методы и приемы формирования читательской грамотности на уроках русского языка и литературы. В статье даны понятия и смысловое содержание понятия "читательская грамотность". Текст, представляя собой важный коммуникативный элемент